



**БЕКІТЕМІН**

м.а бас дәрігердің

ШЖҚ КМК № 2 ауданың аурухана

ШКО

ауданының

ДСБ "Тарбағатай"

Е.М.

Манарбеков

Бұйрық №11/10 от 12.11.2021 жыл

## ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА

тендерлік өтінімдерді дайындау үшін әлеуетті жеткізушілерге

**ШКО ДСБ "Тарбағатай ауданының №2 аудандық ауруханасы" ШЖҚ КМК үшін 2021 жылға арналған медициналық бұйымдарды сатып алуға өтінімдер мен қайталама тендерге қатысу**

2021 жылға арналған ШКО ДСБ "Тарбағатай ауданының №2 аудандық ауруханасы" ШЖҚ КМК үшін әлеуетті жеткізушілерге тендерлік өтінімдерді дайындау және медициналық бұйымдарды сатып алу бойынша тендерге қатысу үшін тендерді ұйымдастыруши ұсынатын осы тендерлік құжаттама (бұдан әрі – тендерлік құжаттама) "тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдар мен мамандандырылған емдік өнімдерді сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің (бұдан әрі – қағидалар) күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 4 маусымдағы № 375 қаулысына сәйкес әзірленді. Организатор тендера:

ШКО ДСБ "Тарбағатай ауданының №2 аудандық ауруханасы" ШЖҚ КМК, Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Ақжар ауылы, Мұратбаев қошесі, 44 (нақты мекенжайы: Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Ақжар ауылы, Мұратбаев қошесі, 44),

БСН 080640009831, СТН 181000211656, ЖСК KZ826010261000033141, БСК HSBKKZKX, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ, КБе 16

Тендерлік құжаттама тегін беріледі.

Жалпы ережелер

1. Тендер 2021 жылға ШКО ДСБ "Тарбағатай ауданының №2 аудандық ауруханасы" ШЖҚ КМК үшін медициналық бұйымдарды сатып алу бойынша жеткізушіні (лерді) таңдау мақсатында өткізіледі.

2. Осы тендерлік құжаттама мыналарды қамтиды:

1) тендерлік құжаттаманың құрамы, әлеуетті өнім берушінің осы Қағидалардың 3 - тарауының және сатып алынатын дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың 4-тарауының талаптарына сәйкестігін растау үшін ұсынуға жататын құжаттардың тізбесі;

2) техникалық ерекшеліктерді қоса алғанда, сатып алынатын дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтердің техникалық және сапалық сипаттамаларын қамтиды;

3) сатып алынатын дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың немесе фармацевтикалық көрсетілетін қызметтердің көлемі және оларды әрбір лот бойынша сатып алу үшін бөлінген сомалар;

4) дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды беру немесе фармацевтикалық қызметтер көрсету орны, мерзімі және басқа да шарттары;

5) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды сатып алу төлемдерінің талаптары және шартының немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған шарттың жобасы;

6) тендерлік өтінімнің, сатып алу шартының немесе фармацевтикалық қызметтер көрсету шартының тілдеріне қойылатын талаптар;

7) тендерлік өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптар;

8) тендерлік өтінімді кепілдікті қамтамасыз етуді енгізу тәртібі, нысаны және мерзімі;